

У 2016  
205

Ерман Жүрсін Молдашұлы

# ӨЛЕҢМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ӨМІР

Ғылыми-ғұмырнамалық жинақ



# **ӨЛЕҢМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ӨМІР**

**(Ғылыми-ғұмырнамалық жинақ)**

**АЛМАТЫ  
2010**

Ө-36 Өлеңмен өрнектелген өмір. Белгілі ақын, айтыс ұйымдастырушысы Ерман Жүрсінге арналады [Ғылыми - ғұмырнамалық жинақ]. / Құраст.: Н.Қ. Қосаева. Жауапты ред.: Орталық ғылыми кітапхана директоры К.К. Әбуғалиева. Бас ред.: ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі С.С.Қирабаев. Ред.: Е.К. Төреқұлов. – Алматы : ОҒК, 2010. – 234 б., сур.[ «Ғылыми-ғұмырнамалық жинақ»].

ISBN 978-601-7254-11-7

УДК 01  
ББК 91.9:83

ISBN 978-601-7254-11-7

© ОҒК, 2010

## ОҚЫРМАНДАРҒА

Орталық ғылыми кітапхана шығарып отырған бұл ғұмырнамалық жинақ алты алашқа аты мәлім азамат Жүрсін Ерманның шығармашылық өмір жолына арналады.

Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың екі мәрте иегері Жүрсін Ерман бүгінгі қазақ поэзиясынан ойып орын алған көрнекті ақын, белгілі қоғам қайраткері. Қазақ елі Жүрсін Ерманды атамұра өнеріміз – ақындар айтысының ұйымдастырушысы, дем берушісі, бас иесі ретінде жақсы біледі. Академик Рымғали Нұрғалидің сөзімен айтсақ, ол – айтыс өнерін қалпына келтіруші реставратор, жаңғыртушы реформатор. Ғұлама ғалымның осы пайымдауына бірдеңе алып қосу қиын. Жиырма жеті жыл бойы теледидар экранында ақындар сайысының көсегесін көгертпін, бабадан мирас болған өнердің ұлт рухына қызмет етуі үшін бүкіл қажыр-қайратын сарқа жұмсап келе жатқан Ж. Ерманның жанкешті еңбегі бүкіл елге белгілі. Осы жылдар ішінде айтыскер ақындардың бірнеше буынын тәрбиелеп шығаруға ықпал еткен қайраткер ақындарымыздың Мәскеу мен Париж сахнасында, Ташкент төрінде жыр төгуіне де мұрындық болды. Ұлт өнерін қолдауға ықыласы бар меценаттарды іске жегіп, қазақ қоғамына әлі де ықпалды қызмет ете алатын өміршең өнердің өрісін кеңейтіп, 2010 жылдың соңғы айында мемлекеттің өзінің айтысты қамқорлығына алуына себепкер болған күрестің көш басында тұрған тұлға осы.

Талантты ақын ретінде танымал болған Жүрсін Ерманның оншақты жыр кітабы жарық көріп, оның баршасы әдеби қауымнан жоғары бағасын алды.

Кетті деп күші жетпес күресте өліп,  
Мен жайлы жазарсындар бір естелік.  
Тамызық болғанымды жыр пешіне  
Кім елеп жатар дейсің кім ескеріп?!  
Селт еткен сөздерімнен сырды аңдатып  
Тауып ем тамылжыған жырдан бақыт.  
Араша түсер ме екен өлеңдерім  
Ақырда әділ сотын құрғанда уақыт?  
Сезсем де көргермесін көсегемнің,  
Жолына түстім ерте осы өлеңнің.  
Ерте – кеш үлдеген бөбек-жырға  
Жанымды жөргек етіп төсегемін, –

деп өзі қымсына жырлағанмен, Серік Қирабаев, Тұрсынбек Кәкішев, Сәкен Иманасов, Тұманбай Молдағалиев, Асқар Егеубаев, Несіпбек Айтұлы, Темірхан Медетбек, тағы басқа сөз зергерлері Жүрсін поэзиясының қадыр-қасиетін жоғары бағалады.

Ұзақ жыл бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек еткен Ж. Ерманның көркем очерктері, көсемсөздері де өз алдына бөлек дүние.

Бұл ғұмырнамалық жинаққа Жүрсін Ерманның ең озық туындылары іріктеліп берілді.

## АЛҒЫ СӨЗ

### ЖҮРСІННІҢ ЖЕЗКИК ЖЫРЛАРЫ

Жүрсін Ерман – әдебиет әлемінде өткен ғасырдың жетпісінші жылдары көрініп, ақындық талантын мойындатқан қаламгер. Содан бері ол баспасөз маңында қызмет істей жүріп, бірнеше жинақ шығарды. Халықтың көне мұрасы – айтысты жаңартып ұйымдастыруға үлкен еңбек сіңірді. Соңғы он шақты жылдың ішінде қазақ радиосы мен теледидары басшылығында жемісті жұмыс істеп келеді. Жазғандарын жинап көлемді таңдамалы шығаруға ақындық қарымы да, мүмкіндігі де мол адамның бірі. Сөйте тұра, ол 70 қана өлеңін іріктеп алып, «Құстың көлеңкесі» атты шағын жинақ (2008) бастырыпты. «Шөп те өлең, шеңгел де өлең» болып жатқан заманда ақынның мұндай сарандық жасағаны, жасыратыны жоқ, мені тіпті қайран қалдырды. Мен оның жинағын осындай екі ұдай сезіммен оқуға кірістім.

Ең алдымен, тапқаным – ақынның тым талғампаздығы. Ол шашыла бермей, өлеңді де талғап, таңдап жазатынға ұқсайды. Саясат пен науқандық өлеңдерге, өлең түрінде жазылатын қолпаштауларға бара бермейтін сияқты. «Көзіне сыйған құбылыс көңіліне сыймаса», оған да елікпейтін түрі бар. «Ойдағы муза» мен «мидағы дыбыс» сиыса алмай, «иінім түсіп, исініп жүрмін» деп өзі айтқандай, көркем жырдың қисынын табу да оңай түспейді екен. Музадай мазаң сұлуға жағу да оңай емес. Бірақ оның көңілін табам деп, өз ойынан шықпаған, сезімінен тумаған өлең жазбауға да мықты ерік, тоқтам керек. Жүрсін – осы сезімді мықтап тұзақтаған тәрізді.

Оның үстіне заман да ауырлап, өлеңнің өтімі азайғаны да ақын жанын қинайтыны көрінеді.

Ақыл апшып қалғанын, сезім бұғып,  
Отырамын ішімнен өзім біліп,  
Базар баққан бәдіктер ортасында,  
Кісі де жоқ тұшынар сөзінді ұғып.

Бір күніннен аумады бір күніңіз.  
Жамалатын түрі жоқ жыртығыңыз.  
Саңырауға беретін сәлемдей-ақ  
Кімге дәрі осы өлең шіркініңіз? –

дейді ақын. Бұл қазіргі ел күйі мен әдебиет жағдайы, оған деген көзқарасты танытады.

Бұны тек ақын сезімінен туған деп ойлау жеткіліксіз. Бұл – заманға арнап айтылған сөз. Бұл заманда «базар баққан бәдіктер» көбейіп, халықтың рухани тіршілігі қоғам назарынан тыс қалғаны жасырын емес. Мұны, алдымен, ақын сезінеді. Өйткені ол оқырманынан айрылды. Кітап шығару ісі қиындады, оқырман базар жағалап кетті. Өлеңді де, өнер иелерін де қорғаушы болмады. Атам заманнан олардың күнкөріс көзі болған қаламақы төленбейтін болды. Сондықтан өнер адамдары бүгін қайыршының күнін кешуде. Жүрсіннің өлең жазуды «Саңырауға сәлем беруге» теңеуі де орынды әрі тапқыр көрінетіні де осыдан. Осы оқиғалар бірімен бірі жалғасып ақын бойында көңілсіз сезімдер тудырса, оны заманға артпағанда қайтеміз? Ақынның енжар көңілі қоғам үшін қажет сөздің жолы кесілгенін анық байқатады.



Заман ауыртпашылығы мен одан туатын суреттер Жүрсін өлеңдерінің кіші-пейіл, қанағатшыл кейіпкерінің қанағатсыздыққа қарсы күресін бейнелейді. Бүгінгі өмір тартысы дегеніміз де нарық пен соның ырқында кеткен адамның тағдыры екенін көресің. Және ол нарық қайраткері емес, халықтың қарапайым өкілі. «Мойнына нарық тұзағын іліп, мініс атындай шапшай желетін, жанына тыныштық таба алмай, өзін өзі тонап жүрген ұрыға» ұқсайды («Дейсің, хал қалай?»). Кейде ол жалғыз басына тіреу таба алмаған ұрыншақтың бейнесін елестетеді («Бас»).

Тауға да оны ұрдым,  
Тасқа да соқтым.  
Есеңгіреп тұрдым,  
Есті болған жоқпын.

Жарғақ басым қанын  
Сорғалатты кілең.  
Сірә, менің жаным  
Басымда емес білем, –

деп толғанады. Тағдыр оны бәріне де көндірген сияқты («Терім қалындаған соң, терлемеуге төселдім»). Кейде «Айтылмаса ақиқат, кімге қалар обалы?» деп сөйлеп қалса, жобалап айтқан сөзі өзіне тиіп жатады. Сондықтан «іштей күйіне жүріп» «жұдырықтай түйілуге, қоғадай жапырылып, адырнадай иілуге» үйренеді.

Түсіп кетсем топқа кіл,  
Алтын басым – қақпақыл.  
Өзгермейді болмысым,  
Осы менде жоқ па ақыл?

Жұртқа кінә тақпаймын,  
Өзіме өзім жақпаймын,  
Шырылдаған жанымды  
Қай сандыққа сақтаймын?! –

деп күйінеді. Бұл жолдар біз көріп жүрген шындықтың көрінісі. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген мәтел оның рухына сай келеді. Жүрсін осыны өткір сезінеді. Айналаң толған – алдамшы өмір. Шын достар өлген, бүгінгі дос сенің өлімінді аңдып, «тоңынды қалап алудың» камында жүр. «Жанашыр деп жалбақтаған туысың», «үлкен деп үздіккенің» ұры боп шығады. Қайда барсаң да тұлыпқа мөңіреу... «Ырғай» жыры» атты өлең осы бүгінгі заман шындығы жайлы ақын ойы мен сезімін қорытындылайтын сияқты.

Ырғай, ырғай, ырғайлы,  
Ырғай мойнын ырғайды.  
Баяны жоқ бұл дәурен  
Басында көп тұрмайды.  
Өкініштің өзеуреп,  
Өзегінді тырнайды.  
Көздің жасы кептеліп,  
Көмейінде құрғайды.

Ырылдасып қайтеміз,  
Сенде де бар бір қайғы

Менде де бар бір қайғы.  
Содан барып ақынның:  
Жүректің қаны тамшылап,  
Айтатын болсам ақталмай:  
Ит мініп, ирек қамшылап,  
Өмірім өтіп жатқандай, –  
немесе  
Киіс көрген керзі етіктің  
Жұлығындай тозып барам, –  
деген сөзіне сенесіз.

Ақын қайғысы – халық қайғысы. Оны ол өз басының күйінен ғана емес, ел-жұрты тіршілігі мен көңіл күйінен алады, содан ой түйеді. Әр адам өмірдің бір бөлшегі. Ақын да солай. Ол құбылысты, шындықты басқадан бұрын көреді, өзінше таниды, өзінше толғатады. Бірақ оның айтатыны жеке адамның емес, адамзаттың сөзі. Ақын сөзі қоғамды айыптауға емес, оның ауыртпалығын жеңілдетуге жұмсалады. Қоғам қайшылығын сынау екі жаққа да жеңілдік әкседі. Ойындағысын айтып ақын көңілі жай тапса, сырын ішіне бүгіп мелшиіп жатқан қоғам да құпиясы ашылып, демін сыртқа шығарып бойына жеңілдік алады. Түптеп келгенде, шындықты бетке айту кім-кімге болса да зиянға шықпайды. Арамдық, тымырсықтық табиғат мінезіне жат. Ондай мінездер адам жанына жылылық сыйламайды. Сондықтан одан жеңілдеу кім-кімге болса да керек. Мезгіл-мезгіл тазарып отыру табиғатқа да, адамға да пайдалы. Абайдың өзіне өзі есеп беріп отыру қажет дейтіні осы оймен айтылған. Мұны Жүрсін де айтыпты. («Не бітіріп жүрген жанмын деп кейде, Шырт ұйқыдан оянатын шақтар бар»). Шындықты іздеудің өзі - қоғамды емдеуші дәрі. Поэзия шындық арқылы адам көңілін жұбатқаннан, оның жанына үміт отын жаққаннан басқа мақсат көздемейді. Астроном күндіз-түні аспанға қарап телміріп отырғанмен, оның табысы көбеймейді, бірақ ол аспан әлемінен жанына рахат алады. Поэзия да солай. Біз жақсылықты жек көрмейміз. Өмір әсемдігімен, көркімен қымбат. Бірақ сол әсемдікті бұзып, жалғандық тұманы ба-сып тұрса, ақын оны көрмей, айтпай өтуге тиісті емес. Мұны түсіну керек.

Жүрсіннің көңіл күйі арқылы заманға артар өкпесі түгелдей ақындықты, халық рухын көтеретін көркем сөзді қорғауға арналған. Ол қазақтың сөз бағалаған мінезін құрмет тұтады. «Бәсіре сөз» деген өлеңінде әкесі баласына: «Аттан жығыл жығылсаң – оқасы жоқ, жығылуға болмайды сөзден, балам! Шашқың келсе – дүние, малыңды шаш, тек сөзіңді беталды бере көрме» дейді. Сөйтіп ақын сөз қадырын сақтау, оның бағасын көтеру туралы халықтық ойды жаңғыртады. Оның «Ақынның үйі немесе Қасым Аманжоловтың үйін қирату», «Мұқтар Әуезов қабірінің басында жазылған жырлар», «Абайға мұң шағу», «Жамбылды қорғау», «Кеңшілік Мырзабековті Алматыдан аттандыру», «Сабырхан Асановтың қазасы», «Қарасөз. Қара шал. Қарғыбау» сияқты өлеңдері түгелдей ақын мен ақындықты бағалаудың бүгінгі ортадағы кемшілік тұстарын сынауға адамдықтың биік рухы тұрғысынан келе алғандығын көрсетеді. Қасым үйін қирату туралы өлең оқырманды ауыр сезімге бөлейді. Ақынның қабырғаларын біртіндеп сөгіп, кеудесін бұзып, сәби жырлардың бесігін сындырып жатқандай әсер қалдырады. Ол жырды қорғаудың кешігіп жатқан ережелерін алдан күтеді. Онсыз озбырлықтың созыла беретініне күмән келтірмейді. Ендігі кезекте Жүрсіннің өз үйі тұрғанын «Қиратып жатыр Қасымның үйін, біздің үйі соның іргесінде еді» дегенінен ұғамыз.

Жүрсін Мұқтар қабірінің басына барып та сөз қадыры өлгенін айтып шағынады. «Қой» дейті ұғын қожасы болмаған сон» жөнсіздік ұлғайып кеткен орта шындығын ол «түлкі заманның» сыры мен адамдары арқылы ашады. Осы топтағы рушылдық пен жершілдікті күйттеп, ит өмірді тозаққа айналдырған қазақ ағайындарын шенеп өтеді. Тіпті «ит тірліктен іргенді бөлгің келсе, жай табатын жалғыз жер – мола шығар» деген ауыр сөздерге де барады.

Жүрсін «Абайға мұң шағу» өлеңінде Абай заманы мен бүгінгі қазақ өмірін салыстыра отырып, солардан туған суреттерге өз көңіл күйін сыйғызады. Өзгермеген шындықты екі дүниенің сырын ашар бейнелі сөздермен тұтастыра суреттейді. Абайша толғап, Абайша сынады.

Жүз елуге сіз беттеп,  
Біз-елуге,  
Жал-құйрығы заманның күзелуде.  
Зерін шашқан замана бұл қазаққа  
Мұрша берер түрі жоқ түзелуге.

Батырар деп белшеден кімді ұйыққа,  
Тіксінеміз үңіліп тұңғиыққа.  
Атан түйе тарта алмас қасіретің  
Абай аға,  
Алаңсыз мінді иыққа.  
Күн өтпейді тіл тістеп, тіс қажалмай,  
Аяр заман алқымнан қысты ажалдай.  
«Ұстарасыз аузына мұрты түскен»  
Елінді ойлап, қайнайды іш қазандай!  
Алдымыздан ақ боран жолықпай қыс,  
Өтіп жатқан және жоқ қамықпай түс.  
Жалықпаймыз қашанғы жұртты алдаудан –  
Алданудан жалықты халық байғұс.

Шортанбай шал болжаған заманақыр  
Жетті ме екен: әйел-би, бала-батыр.  
Ақылымның азабын тартып жүрсем,  
Үйретеді үйде олар маған ақыл.

Ағайын да қатыбас - сол қалпында.  
Азамат жоқ Алашқа болған тұлға.  
Ешкімердей елінді теспей сорған  
Алаяқтың қалтасы толды алтынға.

Ит құтырар -тезегін дәрі десең,  
Бәрі - әулие қазақтың, бәрі - көсем.  
Шортан іздеп шалшыққа қармақ салған,  
Жарымес ем не деген-жарымесем.

(өлеңнен ұзағырақ үзінді алғаныма кешірім сұраймын. Менің мазмұндауымды қажет етпей, ақын ойын өлеңнің өз сөздері толық танытатын болғандықтан солай еттім. В.Белинский өлеңнің бейнелілігін таныту үшін ақын сөзінің өзін пайдалану қажеттігі туралы көп айтатын еді. Ұлы сыншы өзі де кейде 2–3 беттерге



созылатын үзінділер келтіретін). Өлең заман сырын ашына айтқан бүгінгі ақынның ойлы талғамын айғақтайды. Оның кейінгі бөлімдерінде Абай бейнелеген «қырттардың» бүгінгі көрінісі, «бірін бірі алдаса, маз болатын» қазақ мінезі, «хақтың адал жолымен жүрген» адамдардың жағасын жыртуға тырысатын пәлекорлық қылықтар ашылады. Кеңшілік, Сабырхан, Мұқағали ақындарды да еске алуда да олардың тағдырына заман салмағының араласуы сөз болады. Ақын тойдан гөрі жаназаға жиі баратын дәуір ауыртпашылығын қинала мойындайды.

Әрине, бұлардың бәрі ақынға өмірдің жақсылығынан күдер үзуге жол бермейді. Ол да, бәріміз сияқты, үмітті алдан күтеді. Оның:

Үміт сөнбейді,  
Ісім өнбейді.  
Қажып жүрсем де,  
Өлгім келмейді, –  
дейтіні де осыдан.

Жалпы өмірдің өзі үмітке, болашаққа ұмтылған адамның сенімі ғой. Сезім мен ой көбейген сайын, адам басында қайғыру мен қуану сезімдері өскен сайын – біз өмірге жақындай түсеміз. Оны түсінуге тырысамыз. Сонда ғана өмір біртіндеп ыстық құшағын ашады. Мұндай өмірдің бір сәті қалғып-мүлгіп тіршілік жасаудан, ұсақ түйекке алданып өткен күндеріңнің жүз жылынан артық. Өмір шындығын рухпен түсіну, сезіммен тану керек. Өмір сонысымен қызықты. Сондықтан да ақын үнемі елегізумен жүреді. Өзгерісті алдан күтеді. Жұрт таңқаларлық іс істейтіндей, достарын сүйіндіретін ерлік жасайтындай сезінеді. «Кешіп жүрген өмірім әшейін де, бәрін қайта бастайтын секілденем» дейді.

Адам өмірі жан-жақты, қызықты. Ол бірыңғай көңілсіздіктен, айналаңа риза емес сезімнен тұмайды. Адамның жеке басының қуанышы, оның көңілін бөлетін жар мен баланың қызықты өмірі, табиғатпен қауышқанда туатын сезім сәттері болады. Күннің шығуы, шуағы мен жылуы, Ұлытаудың ұлылығы, Көкшенің әсемдігі, Алтай мен Арқа, Орал мен Ертіс – бәрі де адамға қуанышты көңіл күй сыйлайды. Соны көре білу, сезе білу керек. Олардың ішінде ақын көңіліне жұбаныш болатындары да аз емес. Ол біркелкі сұрқылт бояу әсерімен өмір сүрмейді. Мағжан ақын өзінің көңілсіздігін сұлулардың күлкісімен, ынттық сезіммен, еліне, Алашына деген құрметімен, түркі жұртының ұлылығына сиынумен жеңген. Ескіні еске алып өзін жұбатқан. Осынысымен-ақ ол өмір сүйгіштігін танытқан. Өмірді зорлап сүйгізу ешкімнің қолынан келмейді. Оны көре, түсіне, сезіне білу ғана ақынды кең, жарық дүниеге алып шығады. Жарық дүние қанша дегенмен, қымбат.

Жүрсін еске алатын балалық сезімдер, өскен ұясын сағыну, анасы мен әпкесінің мейірімді кейіптерін көз алдында елестету, даланың суреттері – оның ақындық кеңістігінің тар еместігінің белгісі. Туған жерімен, Отанымен байланысты естеліктерді ақындардың бәрі-ақ (тіпті ақын еместер де) айтады. Соның тағдыры үшін ауырады, жүрегін ауыртады, қуанады, қайғы тартады. Өйткені ол – ақынның рухы, жан жүйесі. Туған жер махаббаты кім-кімнің болса да, жүйкесін билеп жүре береді. Оны ақын басқаларға қарағанда қаттырақ сезінеді. Ол, қайғырса да, қуанса да, әдеттен тыс оқыс қимылдар жасайды. Табиғаты жағынан ақын – жай адамдардай емес, шындықтың қауіпті жиегіне таяу, не аспанға ұшуға, не жарға құлауға дайын тұратын сезім иесі. Бұл – өмірге құштарлықтың белгісі.

Осы сезімнің ұшқыны Жүрсін өлеңдерінде көбірек байқалады. Құлжантай құмының жұртына барған ақынның құлын күйін еске түсіріп, балалық сезімін бүгінгі жырынды («Жырындымын. Жүрегім бар жырым-жырым... Құмдай қалың

мұным бүгін») күйіне қарсы қоя суреттеуі, даланың теміртікенін (гүл аты), «Жыңғылды көңін» көріп тебіренуі, баласына ертегі айтып беруге уақыты болмай, заман қиыншылығымен алысып өткен ананың «ошағына от тұтатып» жүретін қайраты мен «сақтай гөр жалғызымды» деп тәңірге жалбарынып өткен әпкенің бейнесі көңілін мұң шалып жүрген ақынның жұбанышы сияқты. Бірақ өмірдің аты – өмір. Оның кездейсоқ шешімі көп. Сөйткен әпкесін кездестіре алмай өтіп бара жатқан ақын жанын тек осы тұрғыдан түсіне білу керек («Мінекей өтіп барам тағы зулап, Тұсынан сен жолығар зокзалдардың»).

Ұлытау, Сауран туралы өлеңдерін Жүрсін табиғат әсемдігін суреттеуден гөрі қазақтың ұлы мекендерінің халықтық рухын тануға құрған. Олардың бүгінгі күйін барлап, тарихты сыйлау, оны түсініп бағалай білудің мән-маңызын еске салады. Ұлытаудың үніне, ұйықтап жатқан көне қала Сауранның сырына құлақ тосады. Бірдеме еститін де сияқты. Сөйтіп ол арқар ауып, ұлан ұшып, қасқыр қолға түспей кеткен соң киікпен алысып жүрген ойсыз, темір құрсаңған құрдастарының қылығына наразылық айтады.

Ұлытаудың ұлдары-ау, Ұлытаудың,  
Құлағыңа жете ме үні таудың  
Ұлан қашқан күндері ұмыт, аулым,  
Ұнжырғасы түспесін Ұлытаудың.  
Ұлытауым, Ұлығым,  
Ұлтым менің,  
Ұран ілер басыңа бұлт ілмегін.  
Ұларыңды ойлама, ұлыңды ойла,  
Бауыры бүтін бар дейсің  
бұл күнде кім,  
Ұлытауым, ұлығым, ұлтым менің!

Өткенді еске алғанда ақын көңілі жүдеу тартып, өзін көне дәуір рухы алдында қарыздар сезінеді. Ешкімге мұң шағып, ұрпағына өкпе артпаған Сауран жұмбағын да ол жанымен сезінеді. Сөйтіп, оның тұсынан жапон сағызын шайнап өткен «арсыздығына» күйінеді. Бұл да бүгінгі ұрпақтың тарих тағлымдарына енжарлығын бейнелеудің жолы. Соның өкілі ретінде Жүрсін басқаны емес, алдымен өзін, «құрбан» етіп жүреді.

«Теріс аққан» өлеңінде Арқадағы осы атғас өлеңнің сырын ұғуға тырысқан ақынның өзіндік ой түйіндері бар. Өз арнасын тастап теріс аққан өзенді «шөліркеген даланы шыр айналып» «далаға нәр тамғызу үшін» бұрылып кеткен болар деп шамалайды. Оның теріс ағуының өзінен оң мінез таниды. «Терістердің бәрі сендей болса» деп армандайды.

Кейкі батырды еске алған өлең де оқырманды осы ойға жетелейді. Ол бір кезде елін жаудан қорғаған атақты батырдың Торғайдың даласында бір шұқырда «үйелеп жатқанын» көріп күйінеді. Кейкінің батырлығын тарихта болмағандай сезінетін («Қазаққа қорған болып оқ қағардай, Асынып алмас қылыш тақпағандай, Қараусыз жатыр Кейкі сай түбінде, Аттанып жауға қарсы шаппағандай. Найзасын ойға сілтеп, қырға бұлғап, Дұшпанға ұрмағандай ырғапырғап, Жыртылған шекпенінің етегіндей, Басында бір қаңылтыр тұр қаңырап») жандарға өз сезімін қарсы қояды. Батыр аты ұмытылмайтынына, «қылышын Кейкі деп суырар ұлдар туатынына» сенсе де, әзірше «Ал менің жүзім қайдан жарқын болсын, кеудемде Кейкі ағамның өксуі бар» деп аяқтайды өлеңін.

Жүрсін өлеңдерінде ойға тиек болар оқиға да, деталь да мол. Оларды ақын ойната біледі, суретке түсіріп, әдемі жеткізеді. Өмірдің күрделілігін суреттеуге арналған «Тұсаукесер» өлеңінде ол өзінің ылғи сүрініп, құлап жүретінін сөз ете

отырып, апасына «қайтадан тұсаукесер жасашы!» деп жалынады. Оның сүрініп-қабынып жүруі, құлауы – өмірдің қиындығын, оны жүріп өтудің оңай еместігін бейнелеуі. Соны тұсаукесер арқылы тұспалдап айтып, әдемі шешкен. «Абайға мұң шағуға» жалғастыра берілген тақырыбы басқашалау «Жиырма теңге» өлеңінде ұлы ақын бейнесін жиырма теңгелік ақша бетінен көрген Жүрсіннің оқшаулау сезімі көрінеді. «Оқулықтан көретін дидарын ақша бетінен жолықтырғанына» кейістікпен қарайды.

Оқытш ең сен маған жыр шындығын,  
Саудагердің қолында жүрсің бүгін.  
Өлермендер заманы өлеңнің де  
Мойынына салыпты-ау қыл шылбырын.  
Түсінем ғой бәрін де,  
Бірақ, Аға!  
Не бетімді айтамын жыр-анаға!  
Енді сені жұмсаймыз шай-пұлға да,  
Араққа да жұмсаймыз, сыраға да.

Бұл өлеңнің бір сәттік сезімге құрылғаны дау тудырмайды. Ақшаға ұлы адамдарының, Елбасшыларының суретін салу – көптеген мемлекеттердің дәстүрінде бар нәрсе. Олар сол арқылы ұлыларын ұмытпай әрқашан есте ұстауды көздеген. Қазақтар да алғашқы ақшаларына көп адамның суретін пайдаланса да, кейін іріктеліп келіп, жалғыз ал-Фарабиге тоқтады. Бұл – халық қалауынан туған деп түсінеміз. Ал Жүрсін ақша бетіндегі сурет сырын басқаша бажайлайды. Ол үшін ақынды айыптауға хақымыз жоқ. Оның оғаш сезімі – ақынға ғана тән. Және ол ойын тапқыр, бейнелі тілмен жеткізе алған.

Мынау менің ардақты Абайым ба?  
Шытырлатып Абайды санайын ба?  
Сенің құның не бәрі – жиырма теңге,  
Менің құным көк тиын ағайынға!

Сөйтін мұнда әр сөздің басын шығарған көп мағыналы өлең туған. Бұлай айтпаса, таптауыр жолмен жүре берсе, ол ақын бола ма? Шын ақындардың бәрі де «өзі жүрген төтемен омбылаған» (Қасым).

«Екі сурет» деген өлеңде Жүрсін өзінің жас күнгі және бүгінгі суреттеріне екі түрлі көзбен қарайды. Оған екі өмір сырын сыйғызады. «Сұлу көрсе соңынан жүгіретін», «Қармағына ақ сазан ілінетін», «Жігіт едім жақсыға жүгінетін» деген бейнелі тіркестер қызықты жастығын еске түсірсе, оған қарсы қойылған бүгінгі сурет «Шарап берсең шалқалап сіміретін», «Аяғына жем түскен тұғыр құсап, стегіме болыппын сүрінетін», «Көн секілді тартылған сірі бетім» деген бейнелі тармақтарда жарқын суретке айналады. Сурет сыры өмір сабақтары болып түйінделеді.

Жігіт едім жақсыға жүгінетін  
Жөнім бар- ау жалғаннан түңілетін.  
Сындыр барлық айнаны,  
Жырт альбомды,  
Көрінбесін көзіме сүгіретім.  
Сен не деген шеберсің, құдыретім!

«Фломастермен жазылған жыр» өлеңінде ақын түн ортасында ел ұйқыда жатқанда ойына өлең жолдары түсіп, жазуға қалам таппай фломастермен өлең жазуға мәжбүр болғанын суреттейді. Сезім сырына қарай ол әр түсті бояу пайдаланады. Алау-жалау сезімін алқызыл бояумен ақ қағазға түсірсе, жасыл бояу «желмен ойнап желбіреген көйлегін» еске салады. Қызыл бояу «Қызыл

тілі сүйреңдеп қызғаныштың қызу дертін хабарлайды», сары бояу сағынышын бейнелейді. Қара бояу қара түнде қара өлең боп құйылады. Өлең:

Тереземнен қызғылт шұғыла түскенде

Менің қара бояуым да таусылды, –

деп аяқталады. Бұл – көңілінде әр қилы сезім ұйытқыған адамның өмір қуанышына бет бұруы. Қызғылт шұғыла – жарқын сурет сол өмірге құштарлықтың символы. Өлеңнің басында Жұмағали Саинның атақты «Шырт ұйқыда жатыр едім» атты өлеңіне ұқсастық байқалғанымен, Жүрсін, шешімі тіпті басқа арнада дамиды. Ол фломастер болса да өлеңін аяқтайды. Ал, Жұмағали ақын стол үстінде тұрған төрт қарындаш, төрт қаламын жоғалтып, соны іздеп балаларының бөлмесіне кірген күйінде соларды қызықтап, ұйқыдағы кейпін аялап, ойға келген өлеңін ұмытып кетеді.

Қандай кітап дәл осындай сымбатты,

Қандай ақын бұдан артық жырлапты.

Айтындаршы дүниеде не барын

Төрт жүректің соғуынан қымбатты, –

деп аяқтайды өлеңін. Жүрсін өлеңі менің есіме Жүмекең ағамды түсірді де, мен інісінің өлеңін дәстүрдің жалғасуы деп қарауға мүмкіндік алдым.

«Гольфстрим» деген өлеңін Жүрсін Қазақстанның Оңтүстік өлкесіне арнапты. Мұнда сол өлкенің қазақтық, ұлттық пішіні суреттеледі. Ақын оны «Қазақстанның бауырын жылытып жатқан жылы ағыс – Гольфстримге» теңейді. «Саған келем – анамды аңсағанда, саған келем – шалдарды сағынғанда», «Ата қазақ қалдырған дәстүрімің біліп қайтам әлі де өлмегенін», «Тамырыма жүгіріп ып-ыстық қан, Бауырмал боп аттанам осы жақтан», «Шала қазақ болып кеп оңтүстікке, дана қазақ боп кетем кетерімде» деген бейнелі тіркестерде ақын ойы ап-анық көрініс табады. Оңтүстік Қазақстанның еліміздегі қазағы көп, ұлттық дәстүрі мен салтымыздың ең көп сақталған жері екені, оны мекендеген халықтың бауырмал, сыйлай да, сыйласа да білетін, дәм-тұзы мол, қонақжай кейпі көпке мәлім. Бәрімізге таныс осы мінез Жүрсін өлеңінде кең ашылған. «Ата жұртым» деген ұғымға алғашқы қазақ мемлекетінің негізі қаланған жұртқа деген ыстық ықлас бар. Бұл олардың бойында ертеден бүгінге дейін үзілмей келе жатқан дәстүрге, халық тағбылымына деген құрметті аңдатады.

Ойымызды қорыта келе, Жүрсін ақынның таңдамалысы кезектегі жинақ емес, шын таңдамалы өлеңдерінің топтамасы екенін айтуды дұрыс көрем. Мұнап өмірді байсалды, ойлы көзбен танып, өзінше түсініп толғай білетін, айтарын көркем бейнелі образдармен жеткізе алатын, талғамы зор, ойы терең, тілі бай және тапқыр ақынды танимыз. Ол өмірдің жайсыз көріністеріне өзін мысал ретінде ала отырып, көп нәрсені айтқан. Өзін аямаған басқаның бетін шидей қылады ғой. Ақынның сыны да өткір, ойлы, дәлелді. Бұл жинақпен Жүрсінді қос-қолдап құттықтауға әбден болады деп есептеймін.

«Туған күн» өлеңі жинаққа соңғы сөз ретінде ұсынылыпты. Онда үлкен мақтаныш, өзіне деген қолпаш сөздер жоқ. Тек «Тұяғы жер тарпыған тұлпардың мініске жарамайтын тұғыр болғаны» айтылады. Ақындығына алғы сөз жазған Мақсұт Бәйсеитовті (Қарағандылық белгілі ақын) еске алып, соңғы сөзді кім жазатынына күмәнмен қараған. Ақынның біз сөз етіп отырған кітабы оқырманын табатынына, соңғы сөз жазатын адамның табыларына менің күмәнім жоқ. Тек әлі де айтары көп Жүрсінге оны жаздыруға асықпа дегіміз келеді.

*Серік Қирабаев*  
*Ұлттық ғылым академиясының*  
*академигі*

**ҚАЗАҚСТАНҒА ЕҢБЕК СІңІРГЕН ҚАЙРАТКЕР, АҚЫН,  
М. МАҚАТАЕВ АТЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚТЫҢ ЕКІ МӘРТЕ ЛАУРЕАТЫ,  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ МҮШЕСІ,  
ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН  
ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ БАСҚАРМА МҮШЕСІ  
ЖҮРСІН МОЛДАШҰЛЫ ЕРМАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ МЕН  
ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

Ерман Жүрсін Молдашұлы 12-ақпан 1951 ж. Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы Құрайлы ауылында, кәсіби аңшылық отбасында дүниеге келді.

1957-1964 ж. № 11 Қарақұм орта мектебінде оқыды.

1964-1966 ж. Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде әдеби қызметкер.

1968 ж. Жездіде жұмысшы жастардың кешкі мектебін бітірді.

1968-1971 ж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты мен

С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік Университетінде студент.

1971-1980 ж. Жезқазған облысының теледидарында аға редактор, бас редактор.

1980-1982 ж. Алматы жоғары партия мектебінде тыңдаушы.

1982-1992 ж. Қазақ республикалық теледидарында бас редактор.

1986, 2008 ж. М. Мақатаев атындағы сыйлықтың екі мәрте лауреаты

1992-1994 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі.

1994ж. «Қазақстан қанаты- Крылья Казахстана» газетінде бас редактор.

1995-1997 ж. «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі.

1997-2002 ж. Шығармашылық жұмыста.

2003 ж. Халықаралық Қазақ тілі қоғамының Құрметті мүшесі

2003-2005 ж. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жетекші ғылыми қызметкері, зертхана меңгерушісі.

2005 ж. Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткер.

2006-2009ж. Қазақстан телсарна корпорациясы Басқарма төрағасының орынбасары, Қазақ Радиосының және Қазақ теледидарының бас директоры.

2009 ж. Ұлытау ауданының құрметті азаматы

2009 жылдан – «Алматы құрылыс» ұлттық холдинг компаниясы АҚ президентінің кеңесшісі, «Жанылған батыр» қорының президенті.

Қазақстан Жазушылар Одағының басқарма мүшесі.

Үйленген. Зайыбы – Бақытжамал Ерманова екеуі үш бала, он бір немере өсіріп жатыр.

Негізгі еңбектері – «Жанартау», «Арайлы күн, армысың», «Ұлытауға бардың ба...», «Қүдіретке жүгіну», «Екі тізгін, бір шылбыр», «Құстың көлеңкесі», «Ырғай», «Арнадым сізге», «Көктөбедегі кездесулер» кітаптары. Өлеңдері, поэмалары, әдеби сын мақалалары көптеген ұжымдық жинақтарда жарияланған.

**ТАҢДАМАЛЫ  
ШЫҒАРМАЛАРЫ**

***ӨЛЕНДЕРІ***



**АҚЫННЫҢ ҮЙІ**  
немесе  
**ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВТЫҢ**  
**ҮЙІН ҚИРАТУ**

Дегені қайда - басылды құйын?  
Ақылым жетпей, ашиды миым:  
Виноградов көшесіндегі  
Қиратып жатыр Қасымның үйін.

Қайтейін, кембақ астана сені –  
Тиетіндей-ақ басқаға себі  
Қиратып жатыр Қасымның үйін,  
Қиналып тапқан баспанасы еді...

Шақыр да шұқыр шаққанда әйнегін  
Ажалдың сездім ақпандай лебін.  
Біртіндеп сөгіп қабырғаларымды  
Кеудемді бұзып жатқандай менің!

Жырды қорғаудың кешікті ережесі,  
Қирады, сынды есік-терезесі.  
Сәби жырлардың бесігі еді,  
Бар екен сонша бесікте несі?

Шашылды жерге –шамдары сыңғыр,  
Тағы да үйсіз қалды арысын бір.  
Қиратып жатыр Қасымның үйін,  
Қатыгез жандар, қолдарың сыңғыр!

Жүйрігім еді жыр көшіндегі,  
Бауырын жазып бір көсілмеді.  
Қиратып жатыр Қасымның үйін,  
...Біздің үй соның іргесінде еді!

**ДИЛЕММА**

Қимайтын жанды қапа еттім,  
Жақындарымды жат еттім.  
Ортасында ылғи қаламын  
Ербендеп жанған екі оттың.

Мойындап өмір өкімін,  
Берік болмаққа бекідім.  
...Сетінеп кете беремін,  
Біреу емеспін.  
Екімін.

Жібектен болса бір тінім,  
Бір тінім-талы шырпының.

Тұтанып қоя беремін  
Ойылып отпен жыртығым.

Екімін,  
Екі бөлскпін.  
Есемді жатыр елеп кім?  
Біресе отпын маздаған,  
Біресе сулы көнекпін.

Арбаса нәпсі-ыбылыс,  
Алаңдай берем ұлып іш.  
Көңілге неге сыймайсың  
Көзіме сыйған құбылыс?!

### МУҚТАР ӘУЕЗОВ ҚАБІРІНІҢ БАСЫНДА ЖАЗЫЛҒАН ЖЫРЛАР

Сыйынайын  
«Раббым» деп бір Аллаға,  
Орала гөр тіліме, құран дана.  
Тау-сәждеге басымды тигізейін,  
Жайнамазым өзің бол, қыран-дала.

Түзетпесе қисығын өлім – Ана,  
Қыңырым мен қырсығым мәлім, Аға.  
Шұбар тілім сыймайды көмекейге,  
Келтірмесе тылсымың кәлимаға.

\*\*\*

Босап аға,  
Келетін боздап іні,  
Бар қазақтың бұл қабір – өз қабірі.  
Итке ашамай салғаннан иман таппай  
Сені іздедік – өлгенде сөз қадірі.

Теріс мініп тұғырын тойсыраған  
Үмбетіңбіз – тәубаға ой сұраған.  
Күдірейтіп жүрсек те жалымызды  
Толар емес орының ойсыраған.

Тұрқың асып тұрғанда көп тұғырдан,  
Келмеуші еді шобырлар шоқтығыңнан.  
Шыбындасақ соларға шұлғып басты  
Бәрі, Мұха, өзіңнің жоқтығыңнан.

Шыққандай-ақ шалдықпай еркін қыстан  
Шекесіне киеді бөркін дұшпан.  
«Қой» дейтұғын қожасы болмаған соң  
Шал көбейді шалдуар, кемпір мыстан.

Қызда – қауіп,  
бұл күнде ұлда алаң бар,  
Түлкі заман бүлкілін кім бағамдар?  
Ішігінің астарын індетіп жүр  
Інісіне сақалын бұлдағандар.

Жайлағандай жастықтың дерт денесін  
Ұмтылады өңмендеп өртке несін.  
Арқасынан бір адам қақпағасын,  
Маңдайынан бір адам шертпегесін.

Азабына қазақтың косып азап  
Душпан таба қылады, досы – мазақ.  
Жауға алдырмас жарағын дауға алдырып  
Сормаңдай-ау шынымен осы қазақ?

Тұнжыраған кезімде тұнып бір мұн  
өксігімді көмейде құмықтырдым.  
қайран Мұха, қадірің жеткен күні  
Басыңа кел, бөрідей ұлып тұрмын!

\*\*\*

Құрысыншы.  
Бәрі де құрысыншы.  
Бірі – ақылгөй қазақтың,  
Бірі – сыншы.  
Бәрімізге жақсатты көрінем деп  
Арамгер боп арада жүр үшінші.  
Ескі дерті қазақтың дерсін мұңы,  
Түңілтеді тобасыз ер сұмдығы.  
Сарқытыңнан садаға кеткірлер-ай,  
Бірі - рушыл ағаның,  
Жершіл - бірі.

Солай.  
Аза бойынды қаза қылған  
Ит өмірдің несі кем дозағыңнан?  
Қазақ, қазақ дегенде қар сындырып  
Көресіні көрдік сол қазағыңнан.

Дандайсыған дәлдүріш данасынар,  
Жанап кетсең –жабатын жадасы бар.  
Ит тірліктен іргенді бөлгің келсе –  
Жай табатын жалғыз жер – мола шығар...

Дейсің:  
– Хал қалай?  
Шіркін, жалған-ай!  
Тірлік төс болса,  
Басым балғадай!

Көзім шырақтай,  
Сөзім сынаптай.  
Қажай бергенді  
Қалам ұнатпай!

Қолым көсеудей,  
Жанбай,  
Не сөнбей  
Жүрген өмірім  
Өгей шешемдей.

Үміт сөнбейді,  
Ісім өнбейді.  
Қажып жүрсем де  
Өлгім келмейді!

Жандай ұрда-жық  
Жүрем зыр қағып  
Күлем сұрланып,  
Кірем ұрланып.

Нарық дегенің  
Тұзақ-көгенің  
Ілді мойынға,  
Ілбіп келемін.

Көптің бірімін,  
Өзір тірімін.  
Тонап өзімді  
Жүрген ұрымын.

Мініс аттаймын,  
Желем, шаппаймын.  
Көрге кіргенше  
Тыным таппаймын!

## БАС

Басқаларды кайдам:  
Менің басым - біреу.  
Жалғыз басқа, айнама,  
Таппай жүрмін тіреу.

Тауға да оны ұрдым,  
Тасқа да оны соқтым.  
Есеңгіреп тұрдым,  
Есті болған жоқпын.

Жарғақ басым қанын  
Сорғалатты кілең.  
Сірә менің жаным  
Басымда емес білем.

Тиіп басым тасқа  
Кейде ашиды миым.  
Дұшпаны көп басқа  
Ие болу қиын.

Оңғарылмай жолым  
Басым талай сынды.  
Тек ішінде соның  
Бірдеңе бар сынды.

Көрешегін көрмей  
Кірсес сірә көрге.  
Мен игенмен жерге  
Ұмтылады ол төрге.

Қадірімді кісі  
Біле түссін дей ме?  
Ойға толып іші  
Сықырлайды кейде.

Бітпей мәңгі егес  
Ағарғанмен шашым,  
Тыншу табар емес  
Менің қара басым.

Таусылғанша демім  
Қуармын бір елес.  
...Тыныш жүрер едім:  
Басым екеу емес!

\*\*\*

Таба алмай көркем қисынын жырдың  
Иінім түсіп, ісініп жүрмін.

Қиуым қашып, қиындады ма іс –  
Ойымда–Муза, миымда - дыбыс.

Шылдырлап бақыр тиындай сөзім,  
өлеңге сыймай құйындай сезім.

Қаламның бүгін неге аз міндеті –  
Айдындай таза қағаздың беті.  
Музадай мазан жақпай сұлуға  
Татайын десең, таппайсың у да!

### СҰЛУЛЫҚҚА КӨЗҚАРАС

Қардай борап соңынан туар аңыз  
Сұлу көрсек — бозарып, қуарамыз.  
Тамағына,  
Мүсін мен жанарына  
Көзімізді ұрланып суарамыз.

Шықпаса да ол гүл басқан қырымызға,  
Ортақ емес болса да сырымызға,  
Есімін де білмейтін сол сұлуды  
Енгіземіз жетелеп жырымызға.

Бұрқылдайды сонан соң жыр қазаны,  
Осы дейміз сезімнің сырбаз әні.  
Өмірдегі сұлу қыз – жырымызда  
Сұлу болмай қалады бір ғажабы!

Арнап ек қой бар сөзді бір басына,  
Бар еді ғой жүзігі, сырғасы да,  
Таң қаламыз - сұлу қыз оқырманның  
Айналмады қалай деп сырласына.

Өнердегі сұлулық – бір өткелек,  
Сыншылар да орынды жүр өктелеп.  
Сұлулықты көруге – көз де керек,  
Көзден бұрын –ынтызар жүрек керек

### ДЕМЕУ Құрманхан Қалабаевқа

Дөкей емен,  
Ірі емен,  
Кішкенемін,  
Кішкенелік, сен маған не істемедің?!  
Ойым жеткен жерлерге бойым жетпей  
Бармағымды қаншама тістеледім!

Жарқырағып жүрсе де күлкімді күн,  
Көңілдегі көшірер бұлтымды кім?  
Бір жақсылық жасайын деп ойласам  
Келмей қойды, құдай-ау, мүмкіндігім.

Бере алмадым қарыз да сұрағанға,  
Ырза болмай ісіме жүр ағам да.  
Ықыласым болғанмен мың адамдық  
Шарапатым тимеді-ау бір адамға!

Біреу үшін су кешіп, от оранып,  
Құтқарғам жоқ төнгенде қатер анық.  
Ат мінгізе алмадым бір адамға,  
Бір адамға бергем жоқ пәтер алып!

Аппақ-аппақ арманым ұрланды мың,  
Адамдар-ай!  
Болар ем құрбандығын...  
Қалай ғана сездірем  
өздеріңе  
Жүрегімнің елжіреп тұрғандығын!



## ЕЛЕГІЗУ

Өмір мені өзекке теппейтіндей,  
Шаттығымның шарасы кеппейтіндей.  
Ақымақ та,  
Сырқат та сияқты емен,  
Бірақ маған бірдеме жетпейтіндей.

Үйлесіп-ақ тұрғандай мінез бен іс,  
Жабыдаймын — жабыққа үйездегіш.  
Күйбендеген күйкентай тірлігімде  
Болу керек сияқты бір өзгеріс.

Дей алмаймын ешкімнен ырысым кем,  
Есер де емес сындымын ірісінген.  
Тек... бәрінді таңдантар секілденем,  
Таңғажайып, ғаламат бір ісіммен!

Қадамымды санамай қия аттаған,  
Ырза болар асқар тау, мият далам,  
Достарымды қуантып, сүйіндіріп,  
Мен бір ерлік жасайтын сияқтанам.

Сиқырым жоқ,  
Жоқ менің кереметім,  
Еңбегім де жоқ мүлдем еленетін.  
Бірақ, бірақ, ғажайып қазынаға  
Сияқтымын бір күні кенелетін.

Қыран-ғұмыр қиялдап жетілген ем, —  
Қырандыққа жоқ әлі кепілдемем.  
Кешіп жүрген өмірім — әншейін де,  
Бәрін қайта бастайтын секілденем!

\*\*\*

Қуанбаймын бұл күні  
Қосылды деп жаска жас:  
Мәңгіліктің мылтығы  
Мені бейғам тастамас.

Азайғандай аптығым,  
Басылғандай ыстығым.  
Шөлге айналып шаттығым  
Көңіліме түсті мұң.

Қасіреттің көгенін  
Қайратым жоқ елемес.  
Күліп тұрмын дегенім  
Жылағаннан кем емес.

Өмірінді жалмаймын  
деп сағатым зырлайды.  
Қуана да алмаймын  
Ішті тесіп бір қайғы.

Уыты бар көңілде  
Жазылмайтын жараның:  
Неге келдім өмірге?  
Неге кетіп барамын?

Шықтым жұрттан жалығып,  
Мазаң болды мінезім.  
Жер бетінде жабығып  
Жүргендеймін бір өзім...

Қызуы жоқ жардың да.  
Қызығы жоқ малдың да.  
Мақсатым жоқ алдымда  
Ұқсаймын ба малғұнға...

Ұзап бара жатқандай  
Келешектің кемесі.  
Удың дәмін татқандай  
Уылжимын  
О несі?!

### **ҚҰЛЖАНБАЙ ҚҰМЫНЫҢ ЖҰРТЫНДА**

Құлын, құлын, құлын күнім,  
Құлағыма ілінді үнің.  
Кезікпейсін – кезіп кетсем  
Құлжанбайдың құмын бүгін.

Құлын, құлын, құлын күнім,  
Жұлынды ма тұлым-гүлің.  
Кекілінен сипап енді  
Еркелетер ұлынды кім?

Күпиянды ұғынды кім?  
Бүгінгіден – шығындымын.  
Тайғақ өмір сапарында  
Талай тайып жығылды ұлың.

\*\*\*

Көзіндейсің бұрынғының,  
Сұрар енді сырыңды кім?  
Жым-жылас боп жайылыпсың,  
Мен де өзгердім.  
Жырындымын.  
Жүрегім бар жырым-жырым.

\*\*\*

Кұлын, құлын, құлын күнім,  
Қайтарады құныңды кім?  
Менің киік-тағдырым да  
Қарауылға ілінді мың.  
Кұмдай қалың мұңым бүгін.  
Кұлын, құлын, құлын күнім-ау!

\*\*\*

Райы баяғыдан басқа күздің,  
Дәмі де айнығандай ақ сағыздың.  
Шөп тартып жүруші едік сонау белден  
Жабысып арқасына қасқа өгіздің.

Кұм сағыз,  
Қара сағыз,  
Аққан сағыз,  
Зыр қағып жүгіруші ек тапқанша біз.  
Қырларын Кұлжанбайдың кезуші едік  
Кірпікке қарашада қатқанша мұз.

Шал қайда - күрең атты борбайлаған?  
Ел қайда - сырма айдаған, арба айдаған?  
Есіңе бүгін ғана бәрі түсіп,  
Несіне күрсінесің, сорқайнаған!  
Ұяға болушы еді торғай да алаң...

### ТЕМІРТІКЕН ГҮЛІ

Тәңірім ең, далам-ай, тектім едің,  
Тұлпарларың озса екен деп тіледім.  
Өзің жайлы тәтті ойым—сәтті ойымды  
Темірқалам ұшында кептіремін.

"Мен қаласыз бір тәулік тұра алмаймын",—  
Деп өзімді күніне бір алдаймын.  
Бірақ, далам, ойымда сен жүресің  
Жолын тосып тұрсам да трамвайдың.

Тапжылмаудың тапқандай мен бір емін,  
Сезімімді төзімге жеңдіремін.  
Тегеурінім—темірдей,  
Қаттымын деп,  
Берікпін деп өзімді сендіремін.

Түскен темір тәртіпке өмір бекем,  
Ойлар келіп-кетсе де не бір бөтен,  
Мызғымаймын мен бірақ, өз үйімнің  
Қабырғасы секілді темір-бетон.

Төңіректе дуылдап өмір-дүкен,  
Басқа ойларды басымнан мен үркітем.  
Тереземнің алдында – темір қалбыр,  
Темір қалбыр ішінде – теміртікен.

Темір жайлы жаза алмай темір өлең,  
Тереземнің түбінде тебіренем.  
Темір емес жүрегім, содан шығар –  
Теміртікен гүліне еміренем!

### "ЖЫҢҒЫЛДЫ КӨҢ"

Аңсап ем айлар бойы бұл күнді мен,  
Ақыры жеттім саған, "Жыңғылды көң".  
Иіскесем шашақталған шырпыңнан бір  
Жаныма болатындай мың күндік өм.

Өткізем жыңғыл кезіп бұл күнді мен,  
Жұпары құдіредей жыңғылдың ем.  
Кайырбай Зәкіровтің қаламына  
Ылайық ойдым-ойдым күлгін кілем.  
Төріме түбі сенің үлгінді ілем.

Бебеулет баяғымды, ізгі күйшім!  
Кеткен бе көңмен көшіп біздің үй шын?  
Жыңғылдың шыртылдаған шоғын қаузап  
Сезініп отырушы ем күздің исін...  
Қалпыңды таппасам да сол баяғы  
Белгілер мен білетін мол ғой әлі.  
Көзімді жұмсам болды —  
Бір қара шал  
Менен құран дәметіп,  
Қол жаяды!

"Жыңғылды көң".  
Картада жоқ ондай ат.

Көңілден келесің тек жоғалмай-ақ,  
Ей, інім, отырмысың ағанды аяп?  
...Байғыздар там ішінде жағы сембей  
Бағыштап отырғандай  
маған да аят!

Сен өмірдің тауқыметін көп тарттың,  
Көп тарттым деп кімге бірақ өкпе арттың:  
Бар сырынды бүгіп, апа, ішіңе  
Қатарыңда келе жатсың көп қарттың.

Уақыттың қарасаңшы озбырын:  
Бел бүгілді,  
әлсіреді көз нұрың.  
Күннен күнге бара жатыр сұйылып  
Без жаулықтың астындағы боз бұрым